

Арнаулы мақсатқа сай пайдаланылмаған республикалық бюджеттің қаражатын қайтарып алу және республикалық бюджеттің қаражатын уақтылы есептемегені (аудармағаны) және мақсатсыз пайдаланғаны үшін әкімшілік жаза қолдану ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2000 жылғы 12 қазандағы N 434 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 17 қарашада N 1285 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2005 жылғы 3 маусымдағы N 211 Бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Заңға тәуелді актілерді жетілдіру бойынша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

- 1. Қоса берілген тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылсын.*
- 2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаменті (Д.В. Вагапов) қоса берілген тізбеде көрсетілген бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен бір апталық мерзімде хабарласын.*
- 3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.*

Министр

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 0 5 ж ыл ғы 3 м а у с ы м д а ғы*

N 211 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің күшін жойған кейбір бұйрықтарының тізбесі

7. "Арнаулы мақсатқа сай пайдаланылмаған республикалық бюджеттің қаражатын қайтарып алу және республикалық бюджеттің қаражатын уақтылы есептемегені (аудармағаны) және мақсатсыз пайдаланғаны үшін әкімшілік жаза қолдану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 12 қазандағы N 434 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 17 қарашада N 1285 тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 қазандағы N 539 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет

Республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды күшейту мақсатында және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 мамырдағы N 626 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті туралы ережеге, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 1 наурыздағы N 338 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті туралы ережеге сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Арнаулы мақсатқа сай пайдаланылмаған республикалық бюджеттің қаражатын қайтарып алу және республикалық бюджеттің қаражатын уақытылы есептемегені (аудармағаны) және мақсатсыз пайдаланғаны үшін әкімшілік жаза қолдану ережесі бекітілсін.

2. "Нысанасыз мақсатта пайдаланылған бюджеттік қаражаттарды өндіріп алу (қайтарып алу) және бюджеттік қаражаттарды уақытында есептемегені (аудармағаны) және мақсатсыз пайдаланғаны үшін санкцияларды қолданудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1998 жылғы 17 тамыздағы N 391 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

м и н и с т р л і г і н і ң

2 0 0 0

ж ы л ғ ы

1 2

қ а з а н д а ғ ы

N

4 3 4

б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

Арнаулы мақсатқа сай пайдаланылмаған республикалық бюджеттің қаражатын қайтарып алу және республикалық бюджеттің қаражатын уақытылы есептемегені (аудармағаны) және мақсатсыз пайдаланғаны үшін әкімшілік жаза қолдану ЕРЕЖЕСІ

Ескерту: Бүкіл мәтін бойынша және Қосымшаларда "бюджеттік қаржы бөлу (тағайындаулар)", "сметалар", "қазынашылық рұқсаттары", "республикалық бюджет шығыстарының жазбасы", "шығыстар сметасының атқарылу балансы", "бюджеттің атқарылуын тексеру", "тексеру актісі", "Бюджет департаменті" деген сөздер тиісінше "жоспарлы тағайындаулар", "міндеттемелер бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарлары", "

рұқсаттар", "бюджеттік бағдарламаларды қаржыландырудың жиынтық жоспары" , "бюджеттік бағдарламаларды, кіші бағдарламаларды қаржыландыру жоспарын атқару балансы", "бюджеттің атқарылуын бақылау", "бақылау жүргізу актісі" тиісті септіктерде "Мемлекеттік бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру департаменті және Мемлекеттік органдарды қаржыландыру департаменті" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 қазандағы N 539 б ұ й р ы ғ ы м е н .

Ескерту: Бүкіл мәтін бойынша "қаулы" деген сөз тиісті септіктерде және санда "ұсыным" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 193 бұйрығымен .

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже арнаулы мақсатқа сай пайдаланылмаған республикалық бюджеттің қаражатын қайтарып алудың және республикалық бюджеттің қаражатын уақытылы есептемегені (аудармағаны) және мақсатсыз пайдаланғаны үшін әкімшілік жаза қолданудың тәртібін анықтайды.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қаржы бақылау комитетінің және оның аумақтық бөлімшелерінің (бұдан әрі - қаржы бақылау органдары) ұсыныстары бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті және оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - республикалық бюджеттен бөлінген қазынашылық органдары) республикалық бюджеттен бөлінген қаражатты мақсатқа сай пайдаланбаған жағдайда мемлекеттік мекемелерден, оның ішінде республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінен қайтарып алады.

Қаржы бақылау органдары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 177-бабында көзделген республикалық бюджеттің қаражатын пайдаланудағы тәртіп бұзушылықтар үшін әкімшілік жаза қолдануға құқылы.

Ескерту: 2-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 қазандағы N 539 бұйрығымен .

3. Осы Ережеде республикалық бюджет қаражатының мақсатсыз пайдаланылуы деп республикалық бюджеттен бөлінген қаражатты мемлекеттік мекемелердің бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тағайындауына, сондай-ақ шығыстардың экономикалық сыныптамасына сай келмейтін мақсатқа пайдалануы; республикалық бюджеттен бөлінген қаражатты жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік мекемелермен жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелермен, оның ішінде несие шарттарының ережелеріне сай келмейтін мақсатқа пайдалануы түсініледі.

Ескерту: 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 қазандағы N 539 бұйрығымен .

2. Арнаулы мақсатқа сай пайдаланылмаған республикалық бюджеттің қаражатын қайтарып алудың тәртібі

4-7-тармақтар алынып тасталынды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 қазандағы N 539 бұйрығымен .

8. Бақылау жүргізу актісінің негізінде қаржы бақылау органы олар бойынша қаражаттың мақсатсыз пайдаланылуына жол берілген шығыстардың бюджеттік сыныптамасының кодтарын (мекеме, бағдарлама, кіші бағдарлама, ерекшелік), сондай-ақ олардан қайтарып алу жүзеге асырылуы тиіс шығыстардың бюджеттік сыныптамасының кодтарын көрсете отырып мақсатсыз пайдаланылған республикалық бюджеттің қаражатын қайтарып алуды жүзеге асыруға арналған нұсқаманы (бұдан әрі - нұсқама) (осы бұйрыққа N 1-қосымша) ресімдейді.

Мемлекеттік мекемелердің бюджеттік бағдарламаның, кіші бағдарламаның, ерекшеліктің мақсаттарына сай келмейтін шығыстарды жүзеге асыруға байланысты республикалық бюджеттің қаражатын мақсатсыз пайдалану анықталған жағдайда қаражатты қайтарып алу іс жүзінде жүргізілген шығындарға сәйкес келетін бюджеттік сыныптаманың кодынан жүргізіледі.

Ағымдағы жылдың қаржыландыру жоспарында көзделмеген өткен жылдардың бағдарламалары бойынша республикалық бюджеттің қаражатын мақсатсыз пайдалану анықталған жағдайда қайтарып алу:

001 "Орталық органның аппараты" бағдарламасының, 001 "Әкімшілік шығындар" бағдарламасы шығыстарының экономикалық сыныптамасының тиісті ерекшеліктері бойынша - республикалық бюджеттік бағдарламалар ө к і м ш і с і н е н ;

осы мемлекеттік мекемені ұстауға көзделген бағдарлама шығыстарының экономикалық сыныптамасының тиісті ерекшеліктері бойынша - республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемеден жүзеге асырылады.

Егер бақылау жүргізу актісіне тексерілетін мемлекеттік мекеме басшысы қарсылық білдіре отырып қол қойса, қайтарып алу белгіленген тәртіппен жүргізіледі, ал қарсылықты жоғары тұрған бақылау органы қарайды. Тексеру қорытындыларын растайтын шешім қабылданған жағдайда шешім сот тәртібімен ш а ғ ы м д а л у ы м ү м к і н .

Ескерту: 8-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 қазандағы N 539 бұйрығымен .

9. Нұсқама 4 данада жасалады, бірінші данасы тиісті қаржы бақылау органында қалады, екіншісі - тексеру жүзеге асырылған мемлекеттік мекемеге (кәсіпорынға) беріледі, үшіншісі - республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне, төртіншісі - тиісті қазынашылық органына жіберіледі. Егер тексерілген мемлекеттік мекеме заңнамада белгіленген N 2-а нысаны бойынша лимиттерді бөлетін бюджет ақшасын төмен тұрған бөлуші арқылы

қаржыландырылатын болса, тиісті қаржы бақылау органы нұсқаманың қосымша данасын жазып береді және оны бюджет ақшасын төмен тұрған бөлушіге жібереді.

Егер мақсатсыз пайдаланылған республикалық бюджеттің қаражатын қайтарып алу осы Ереженің 17 және 20-тармақтарына сәйкес басқа аумақта орналасқан бюджеттік бағдарламаның әкімшісінен жүргізілуі тиіс болса, онда қаражатты қайтарып алуды ресімдеуді бюджеттік бағдарлама әкімшісінің орналасқан орны бойынша қазынашылықтың аумақтық бөлімшесі қамтамасыз етеді. Бұл ретте нұсқамаларды тіркеудің және қайтарып алуға жататын сомаға арналған хабарлама-тізілімді ресімдеудің мынадай тәртібі белгіленеді.

Қазынашылықтың аумақтық органы тексерілген мемлекеттік мекеменің (кәсіпорынның) орналасқан орны бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшісінің орналасқан орны бойынша қазынашылықтың аумақтық органына Нұсқама жібереді. Бұл ретте соңғысы осы ереженің 10-тармағына сәйкес ай сайын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетіне ұсынылатын нұсқамаларды тіркеуді және қайтарып алуға жататын сомаға арналған хабарлама-тізілімді қалыптастыруды жүргізеді.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің (бұдан әрі - Есеп комитеті) бақылауының нәтижелері бойынша Қазынашылық комитеті оның ұсынымдары мен ұсынымдарының негізінде мақсатына сай пайдаланылмаған республикалық бюджеттің қаражатын қайтарып алуды жүзеге асырады. Бұл ретте ұсынымдар мен ұсынымдарда: ол бойынша қаражатты мақсатына сай пайдаланбауға жол берілген бюджеттік сыныптаманың коды және қайтарып алу жүргізілетін бюджеттік сыныптаманың коды көрсетілуі тиіс. Бұл ретте Қазынашылық комитеті Есеп комитеті ұсынымының немесе ұсынымының көшірмесін тиісті қазынашылықтың аумақтық органына жеткізеді.

Ескерту: 9-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 қазандағы N 539 бұйрығымен .

10. Қазынашылық органдарының Есеп комитетінің ұсынымдары мен нұсқамаларын, сондай-ақ қаржы бақылау органдарының республикалық бюджеттің қаражатын қайтарып алуға арналған нұсқамаларын тіркеуі, қайтарып алуды бақылау мақсатына сай пайдаланылмаған республикалық бюджеттің қаражатын есепке алу және олардың бюджетке қайтарып алынуын бақылау кітабында (бұдан әрі - есепке алу кітабына) (4-қосымша) жүргізіледі, ол нөмірленуі, қайымдалуы және мастикалық мөрмен сүргі салынуы тиіс. Есепке алу кітабындағы парақтар саны тиісті қаржы бақылау және қазынашылық органдары басшыларының қолымен расталады.

Ескерту: 10-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 қазандағы N 539 бұйрығымен .

11. Нұсқамаларды тіркеумен бір уақытта қазынашылық органдары және органы қайтарып алуға жататын сомаға басшыларының қолы бар хабарлама - тізілімді (бұдан әрі - хабарлама) (5-қосымша) қалыптастырады, ол есепті кезеңнен кейінгі әрбір айдың 7-күні Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетіне ұсынылады.

Қазынашылық комитеті аумақтық қазынашылық органдары хабарлама-тізілімдерінің, Есеп комитетінің ұсынымдары мен ұсынымдарының, сондай-ақ Қаржы бақылау комитеті нұсқамаларының негізінде Ереженің 12-20-тармақтарында көзделген тәртіппен мемлекеттік мекеменің (кәсіпорынның) орналасқан орны бойынша аумақтық қазынашылық органын кейіннен хабарландыра отырып, республикалық бюджеттің қаражатын қайтарып алуды жүргізеді.

Ескерту: 11-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 қазандағы N 539 бұйрығымен.

12. Қазынашылық комитеті

3 "Алдын ала рұқсат", 4 "Ағымдағы рұқсат" және 5 "Жыл басынан бері рұқсат етілгені" кестелерінде бюджеттік бағдарламалардың әрбір әкімшісі, бағдарлама, кіші бағдарлама, шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшелігі бойынша қайтарып алынатын лимиттердің сомасын көрсете отырып, хабарламалардың деректері бойынша заңнамада белгіленген рұқсатты (қайтарып алуды) (1-О нысаны) жазып береді.

Жазып берілген әрбір рұқсатқа (қайтарып алуға) кейінгі рет нөмірі беріледі. Бұл ретте өзі бойынша қайтарып алу жүргізілетін құжат нысанындағы ерекшелік көрсетіледі. Әрбір рұқсатқа (қайтарып алуға) заңнамада белгіленген нысан бойынша қайтарып алуға жататын сомаға мемлекеттік мекемелер бойынша тізілім - растама ресімделеді.

Жоғарыда көрсетілген рұқсаттың (қайтарып алудың) негізінде республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бағынысты мемлекеттік мекемеге 3 "Алдын ала рұқсат", 4 "Ағымдағы рұқсат" және 5 "Жыл басынан бері рұқсат етілгені" кестелерінде әрбір мекеме, бағдарлама, кіші бағдарлама және шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшелігі бойынша қайтарып алынатын лимиттердің сомасы көрсетілетін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің рұқсатын (қайтарып алуын) (2-О нысаны) береді. Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жазып берілген әрбір рұқсатына (қайтарып алуына) кейінгі рет нөмірі беріледі.

Хабарлама ағымдағы айға қаржыландыру ашылғаннан кейін алынған жағдайда, бюджет қаражатын қайтарып алуды келесі айда Қазынашылық комитеті жүргізеді.

13. Тиісті қазынашылық органдары арнаулы мақсатқа сай емес пайдаланылған бюджет қаражатына жүргізілген қайтарып алу туралы есепке алу кітабының 8 және 9-кестелерінде белгі қояды.

14. Өзі бойынша бюджет қаражатының мақсатсыз пайдаланылғаны анықталған шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшелігі бойынша бюджеттік тағайындаулар болмаған кезде белгіленген тәртіппен бюджеттік тағайындаулар үлестіріп беру мақсатында бюджеттік бағдарламаларды қаржыландырудың жиынтық жоспарына және мемлекеттік мекеме шығыстарының сметасына өзгерістер енгізіледі.

15. Ағымдағы қаржы жылында Есеп комитеті, Қаржы бақылау комитеті мен оның аумақтық бөлімшелері жүргізген тексерулермен анықталған республикалық бюджеттің қаражатын мақсатсыз пайдалану сомалары ағымдағы жылы қайтарып алуға жатады. Ағымдағы қаржы жылы республикалық бюджеттен өткен қаржы жылдары бөлінген бюджеттік қаражаттың мақсатсыз пайдаланылғаны анықталған жағдайда, қайтарып алу ағымдағы қаржы жылының лимиттерін кеміту жолымен жүргізіледі.

Ескерту: 15-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 қазандағы N 539 бұйрығымен .

16. Ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетте өзі бойынша өткен қаржы жылдары республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың мақсатсыз пайдаланылғаны анықталған бағдарлама, кіші бағдарлама болмаған жағдайда, қайтарып алу өзі бойынша ағымдағы қаржы жылының республикалық бюджетінде шығыстар көзделген бағдарлама, кіші бағдарлама бойынша ағымдағы қаржыландыруды кеміту жолымен жүргізіледі. Ағымдағы қаржы жылының республикалық бюджетінде мұндай бағдарламалар болмаған жағдайда, республикалық бюджеттің қаражатын қайтарып алу:

001 "Әкімшілік шығыстар" бағдарламасының 001 "Орталық органның аппараты" кіші бағдарламасы шығыстардың экономикалық сыныптамасының тиісті ерекшеліктері бойынша - республикалық бюджет қаражатының мақсатсыз пайдаланылуына жол берген республикалық бюджеттік бағдарламалардың ә к і м ш і с і н д е ;

осы мемлекеттік мекемені ұстауға арналып көзделген шығыстардың экономикалық сыныптамасының тиісті ерекшеліктері бойынша - республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемеде жүргізіледі.

Ескерту: 16-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 қазандағы N 539 бұйрығымен .

17. Заңды және жеке тұлғалар республикалық бюджеттен бөлінген қаражатты мемлекеттік мекемелермен (республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен) жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелердің шарттарына сай

келмейтін мақсатқа пайдаланған жағдайда, қаражатты қайтарып алу осы Ереженің 8-12-тармақтарында көзделген тәртіппен шарттық міндеттемелерді орындамау сомасына мемлекеттік мекемені (республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісін) ағымдағы қаржыландыруды кеміту жолымен жүргізіледі. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі өз кезегінде осы қаражатты заңды және/немесе жеке тұлғалардан сот тәртібімен не соттан тыс тәртіппен өндіріп алуы тиіс.

Бұл ретте, егер қайтарып алу ағымдағы жылы республикалық бюджеттен өткен жылдары да, ағымдағы қаржы жылында да бөлінген бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалану фактілері бойынша жүргізілсе және мақсатсыз пайдаланудың сомасы ағымдағы жылы да республикалық бюджеттің кірісіне сот тәртібімен не соттан тыс тәртіппен өндіріп алынса, онда мемлекеттік мекеме (бюджеттік бағдарламаның әкімшісі) қайтарып алынған қаржыландырудың лимиттерін қалпына келтіру үшін қазынашылықтың аумақтық органына осы факті туралы хабарлайды.

Ескерту: 17-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 қазандағы N 539 бұйрығымен.

18. Жергілікті атқарушы органдардың тиісті бағдарлама бойынша республикалық бюджеттен мақсатты трансферттер түрінде бөлінген қаражатты мақсатсыз пайдалану фактілері анықталған кезде, мақсатсыз пайдаланылған соманы қайтарып алу осы Ереженің 8-12-тармақтарында көзделген тәртіппен осы бағдарлама бойынша ағымдағы қаржыландыруды кеміту жолымен жүргізіледі. Ағымдағы жылы осы бағдарлама бойынша жоспарлы тағайындаулар болмаған кезде, қазынашылық органы қаржы бақылау органының актісі негізінде жергілікті атқарушы органның республикалық бюджет қаражатының мақсатсыз пайдаланылған сомасын жергілікті атқарушы органдар резервінің қаражаты есебінен республикалық бюджеттің кірісіне есепке алуына дейін жергілікті бюджеттің шотынан шығыс операцияларын тоқтата тұрады. Қазынашылық органы мақсатсыз пайдалану сомасын республикалық бюджетке аударуға арналған төлем тапсырмасының көшірмесін тиісті қаржы бақылау органына жібереді.

19. Республикалық бюджет қаражатының мақсатсыз пайдаланылуына жол берген мемлекеттік мекемелер (кәсіпорындар) қайта ұйымдастырылған жағдайда , олардың құқықтық мирасқорларынан қайтарып алу жүргізіледі.

20. Заңнамада белгіленген 2-б нысаны бойынша алынған бюджет қаражатының мақсатсыз пайдаланылу фактілері анықталған кезде, осы нысанды берген республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісінен қайтарып алу жүргізіледі.

21. Ағымдағы қаржы жылының аяғында бюджет қаражатының мақсатсыз пайдаланылу фактілері анықталған кезде, жазып берілген нұсқамалар есепке алу кітабының 6, 7-кестелерінде тіркеледі және өтелмеген кезде ауыспалы қалдықпен ағымдағы жылдың есепке алу операциялары бойынша 10, 11-кестелердің сомасына сәйкес келуі тиіс 4 және 5-кестелерге келесі жылға көшіріледі.

22. Қазынашылық комитеті есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 күні Қаржы бақылау комитетіне мемлекеттік мекемелер бөлінісінде мақсатсыз пайдаланылған республикалық бюджеттің қаражатын жүргізілген қайтарып алу туралы анықтаманы (6-қосымша) және республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бөлінісінде мақсатсыз пайдаланылған республикалық бюджеттің қаражатын жүргізілген қайтарып алу туралы жиынтық анықтаманы (7-қосымша) береді.

Қазынашылық комитеті Есеп комитетіне оның ұсынымдарының негізінде ұсынымда немесе оған ілеспе құжатта көрсетілген мерзімде мақсатына сай пайдаланылмаған республикалық бюджет қаражатын қайтарып алудың орындалуы туралы ақпарат береді.

Ескерту: 22-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 қазандағы N 539 бұйрығымен .

23. Қаржы бақылау комитеті есепті кезеңнен кейінгі айдың 20 күні осы Ереженің 22-тармағында көрсетілген анықтаманы (6 қосымша) жүргізілген қайтарып алулар туралы есепке алу кітабының 8 және 9-кестелерінде белгі қою үшін қаржы бақылау органдарына жеткізеді.

3. Республикалық бюджеттің қаражатын уақытылы есептемегені (аудармағаны) және мақсатсыз пайдаланғаны үшін әкімшілік жаза қолданудың тәртібі

24. Қаржы бақылау органдарының лауазымды тұлғалары олар анықтаған республикалық бюджеттің кірісіне қаражатты уақытылы есептемеу, республикалық бюджеттен тиісті банктерге немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға алушылардың шоттарына аудармау, республикалық бюджеттің қаражатын мақсатсыз пайдаланбау және (немесе) оларды міндеттемелер бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландырудың жоспарынан тыс жұмсау туралы міндеттемелерді қабылдау фактілері бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар (бұдан әрі - хаттама) (8-қосымша) жасайды және бір тәулік ішінде оны қаржы бақылау органының басшысына табыс етеді.

Ескерту: 24-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 қазандағы N 539 бұйрығымен .

25. Қаржы бақылау органының басшысы хаттаманы алған күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде істі қарайды және мынадай:

әкімшілік жаза қолдану туралы (9-қосымша);
іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы (10-қосымша) ұсынымдардың біреуін
ш ы ғ а р а д ы .

Іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұсыным Қазақстан Республикасының
Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 35, 580, 581-тармақтарында
көзделген жағдайларда шығарылады.

*Ескерту: 25-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2002
жылғы 28 қазандағы N 539 бұйрығымен .*

26. Қаржы бақылау органдары әкімшілік жаза қолдану туралы материалды
қараудың қорытындылары туралы әкімшілік жауапқа тартылған лауазымды
тұлғаға дереу хабарлайды. Қаулының көшірмесі үш күннің ішінде өзіне қатысты
шығарылған тұлғаға тапсырылады немесе жіберіледі. Қаулының көшірмесі
қолхатпен тапсырылады. Қаулының көшірмесі жіберілген жағдайда, бұл туралы
і с т е т и і с т і ж а з б а ж а с а л а д ы .

*Ескерту: 26-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28
қазандағы N 539 бұйрығымен .*

27. Әкімшілік жаза қолдану туралы ұсыным заңнамада белгіленген тәртіппен
шағынылуы мүмкін.

28. Әкімшілік жаза қолданудың айыппұл түріндегі сомасы тиісті қаржы
бақылау органының республикалық бюджет қаражатын уақытылы есептемегені (
аудармағаны) және мақсатсыз пайдаланғаны үшін айыппұл санкцияларын есепке
а л у к і т а б ы н д а к ө р с е т і л е д і .

*Ескерту: 28-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28
қазандағы N 539 бұйрығымен .*

29. Республикалық бюджеттің қаражатын уақытылы есептемегені (
аудармағаны) және мақсатсыз пайдаланғаны үшін өндіріп алынған әкімшілік
айыппұлдар Қазақстан Республикасы Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының
тиісті кодына республикалық бюджеттің кірісіне есепке алынады.

4. Есеп және есептілік

30. Мемлекеттік мекемелерде жүргізілген қайтарып алудың сомасы бойынша
қорытындылар: республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері үшін -
Қазынашылық комитетінен алынған рұқсаттың негізінде, олардың бағынысты
мемлекеттік мекемелері үшін - олар алған республикалық бюджеттік
бағдарламалар әкімшілерінің рұқсаттары немесе бюджет қаражатын төмен
тұрған бөлушілердің рұқсаттары негізінде республикалық бюджеттің қаражаты
есебінен қаржыландыру ретінде көрсетіледі. Бұл ретте қайтарып алудың
көрсетілген сомасы 095 "Мақсатсыз пайдаланудың қайтарып алынған (өндіріп
алынған) қаражатының лимиттері" қосалқы шотының дебеті және 140 "
Мемлекеттік мекемелердің шығыстарын бюджеттен қаржыландыру жөніндегі

есептеулер" 230 "Мемлекеттік мекемелердің шығыстарын және басқа да іс-шараларды бюджеттен қаржыландыру" қосалқы шоттарының кредиті бойынша көрсетіледі.

200 "Мемлекеттік мекемелерді ұстауға және бекітілген сметаның шегіндегі басқа да іс-шараларға арналған бюджет бойынша шығыстар" қосалқы шотының дебеті және 095 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетумен бір уақытта екінші жазба жүргізіледі. Қаржы жылы аяқталғаннан кейін қосымша айналымдармен жүргізілген шығыстарды есептен шығару 140, 230 қосалқы шоттарының дебеті бойынша және 200 қосалқы шотының кредиті бойынша бухгалтерлік есеппен жүргізіледі.

Ескерту: 30-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 қазандағы N 539 бұйрығымен .

31. Мемлекеттік мекемелер үшін шығыстар сметасының атқарылуы және бюджеттік қаржы бөлудің пайдаланылуы туралы есептілікте бюджетке қайтарып алынған республикалық бюджет қаражатының мақсатсыз пайдаланылған сомасы қайтарып алу - 2 нысанында 5 "Жыл басынан бері рұқсат етілгені" және 7 "Іс жүзіндегі шығыстар" кестелерінде көрсетіледі. Бюджеттен қаржыландыру сомасының қозғалысы туралы анықтамада (Ұйымдардың шығыстары сметасының атқарылуы балансы (951 "қайтарып алу" жолы бойынша коды 0503001) және бухгалтерлік есептілікпен мемлекеттік мекеме қоса беретін түсіндірме жазбада республикалық бюджетке қайтарып алынған (өндіріп алынған) мақсатсыз пайдаланылған бюджет қаражатының сомасы көрсетіледі.

Ескерту: 31-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 қазандағы N 539 бұйрығымен .

32. Қаржы бақылау органдары (облыстық, Астана және Алматы қалалары бойынша) Қаржы бақылау комитетіне олар жүргізген тексерулер мен тексерістердің қорытындылары туралы ай сайын 5-күні жедел мәліметтер және 1-жартыжылдық бойынша және тұтастай алғанда жыл үшін - есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күні заңнамада белгіленген 1-ҚР нысаны бойынша бақылау-тексеру жұмысы туралы есеп тапсырады. Көрсетілген есепке қоса берілетін ақпаратта оларға негіз болған себептер, кінәлі лауазымды тұлғалар көрсетіле отырып, бюджет қаражатының пайдаланылуын жиі кездесетін бұзушылықтар, сондай-ақ тексерістер барысында қалпына келтірілген мақсатсыз пайдаланылған қаражатты және республикалық бюджет қаражатының уақытылы есептелмегені (аударылмағаны) және мақсатсыз пайдаланылғаны үшін өндіріп алынған айыппұл санкцияларының сомасын қалпына келтіру бойынша қабылданған шаралар көрсетіледі.

33. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті заңнамада белгіленген нысан бойынша Мемлекеттік бюджеттің атқарылуын

ұйымдастыру департаменті және Мемлекеттік органдарды қаржыландыру департаментіне ұсынатын республикалық бюджеттің атқарылуы туралы ай сайынғы есепте "Мақсатсыз пайдаланылғаны үшін қайтарып алу" кестесінде әрбір функционалдық топ, ішкі функция, республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бағдарлама, кіші бағдарлама, шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшелігі бойынша мақсатсыз пайдаланудың республикалық бюджетке қайтарып алынған сомасы көрсетіледі.

1-қосымша

Ескерту: 1-қосымша алынып тасталынды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 қазандағы N 539 бұйрығымен .

2-қосымша

Ескерту: 2-қосымша алынып тасталынды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 қазандағы N 539 бұйрығымен .

3-қосымша

Ескерту: 3-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 қазандағы N 539 бұйрығымен .

**мақсатына сай пайдаланылмаған _____ бюджеттің қаражатын қайтарып
алуға _____ арналған
НҰСҚАМА**

Нұсқама 200__ж.____ тексеру актісінің негізінде берілді.

(тексерілетін мемлекеттік мекеменің (кәсіпорынның) атауы)

Қазақстан Республикасының " Бюджет жүйесі туралы " 1999 жылғы 1 сәуірдегі және "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы" 2002 жылғы 29 қаңтардағы Заңдарына ,

_____ сәйкес
(оларға сәйкес тексеру жүргізілетін басқа заң және нормативтік құқықтық кесімдердің атауы) және бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалану фактілері белгіленген жоғарыда көрсетілген тексеру кесімінің негізінде, мемлекеттік мекемелерден мынадай сомалар _____

(бюджеттің түрін көрсету)
бюджетке қайтарып алуға жатады:

Мемлекеттік| Мекеменің |Бюджет сыныптамасының | Сомасы | Ескерту
мекеменің | коды | коды (мекеме, |(теңгемен)|
толық атауы|(анықтамаға| бағдарлама, кіші | |

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

Жалпы сомасы _____ теңге
(сандармен және жазумен)

Қ а р ж ы б а қ ы л а у

органының басшысы _____
(қолы) (лауазымы, тегі, аты-жөні)

200__ж."__"

4-қосымша

Арнаулы мақсатқа сай пайдалынбаған республикалық бюджеттің қаражатын есепке алу және олардың бюджетке қайтарып алуын бақылау

КІТАБЫ

Жаз. Тексерілетін Республикалық Өткен жылы жете Ағымдағы жылы
ба. мемлекеттік бюдж. қаражат. өндіріп алынба. анықталған,қай.
ның (кәсіпорынның) мақсатсыз ған жыл басын. тарып алуға жат.
N атауы (мемле. пайдаланғаны дағы сома татын мақсатсыз
кеттік мекеме. анықталған пайдаланылған
лер үшін кодын шығыстардың сома Нұсқаманың
көрсете отырып) бюджеттік күні мен N
сыныптамасы. _____

ның коды	Сомасы	Қайтарып	Сомасы	Қайтарып
		алуға		алуға
		арналған		арналған
		Нұсқаманың		Нұсқаманың
күні мен N	күні мен N	_____	_____	_____

1	2	3	4	5	6	7
---	---	---	---	---	---	---

Ағымдағы қаржы жылы жүргізілген қайтарып алу туралы белгі

Келесі жылға ауыстырылатын қайтарып алынбаған соманың қалдығы, Қайтарып алуға арналған нұсқаманың күні мен N

Сомасы	Құжаттың (рұқсаттың) күні мен N	Сомасы	Қайтарып алуға арналған нұсқаманың күні мен N
8	9	1 0	1 1

5-қосымша

Ескерту: 5-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 қазандағы N 539 бұйрығымен .

Республикалық бюджеттің қаражатын қайтарып алуға арналған ХАБАРЛАМА-ТІЗІМ

_____ айы үшін

Қазақстан Республикасының " Бюджет жүйесі туралы " 1999 жылғы 1 сәуірдегі, "Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін қолданысқа енгізу туралы" 2001 жылғы 30 қаңтардағы, "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы" 2002 жылғы 29 қаңтардағы Заңдарына , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 1 наурыздағы N 338 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті туралы ережеге, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 12 қазандағы N 434 бұйрығымен бекітілген Арнаулы мақсатқа сай пайдаланылмаған республикалық бюджеттің қаражатын қайтарып алу және республикалық бюджеттің қаражатын уақтылы есептемегені (аудармаған) және мақсатсыз пайдаланғаны үшін әкімшілік жаза қолдану ережесінің 11-тармағына сәйкес

(облыстар, Астана және Алматы қалалары)

бойынша қазынашылық басқармасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетіне қаржы бақылау органдары жүргізген тексерулермен мақсатсыз пайдалану фактілері анықталғанын, олар бойынша мынадай ұйымдардан республикалық бюджетке қаражат қайтарып алуға ж а т а т ы н ы н х а б а р л а й д ы :

Мемлекеттік мекеменің атауы (республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісін көрсете отырып)	Мемлекеттік мекеменің коды (анықтамаға сәйкес)	Қаражатты мақсатсыз пайдалануға жол берілген бюджеттік сыныптаманың коды	Қайтарып алу жүргізілетін бюджет сынының коды	Сомасы теңге мен
1	2	3	4	5

Жалпы сомасы _____ теңге
(сандармен және жазумен)

Қ а з ы н а ш ы л ы қ

органының басшысы _____
(қолы) (лауазымы, тегі, аты-жөні)

200__ж."__"
6-қосымша

Арнаулы мақсатқа сай пайдаланылмаған республикалық бюджеттің қаражатын жүргізілген қайтарып алулар туралы АНЫҚТАМА

200__ жылғы "__"
1-парақ

Мекеменің атауы	Бағдарлама кіші бағдарлама	Ерекшелік	Сомасы (теңгемен)	Құжаттың күні, N

төрағасы

(қолы)

(аты-жөні)

7-қосымша

Арнаулы мақсатқа сай пайдаланылмаған республикалық бюджеттің қаражатын жүргізілген қайтарып алулар туралы

ЖИЫНТЫҚ АНЫҚТАМА

200__ жылғы _____ 200__ жылғы _____ үшін
Министрліктер бойынша жиынтық

Өлшем бірлігі - мың теңге

1-парақ

Коды Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы	Қайта. Кезең үшін арудың қайтарып арудың сомасы	Қалдығы рып	Айлар бойынша берілген
			Қаңтар!Ақпан! с о м а с ы

та б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

жүргізілген қайтарып арудың сомасы _____

Наурыз!Сәуір!Мамыр!Маусым!

Шілде!Тамыз!Қыркүйек!Қазан!Қараша!Желтоқ.

! с а н

төрағасы

(қолы)

(аты-жөні)

8-қосымша

Ескерту: 8-қосымша өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 қазандағы N 539 бұйрығымен .

Әкімшілік жаза қолдану туралы
ХАТТАМА

(қаржы бақылау органының атауы)

200__ жылғы"__"

(хаттаманың жасалған орны)

тексеру

кезінде

(заңды тұлғаның атауы) _____

_____ анықталды.

(әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалған уақыты және мәні)

Көрсетілген құқық бұзушылыққа жол берген: _____

(аты-жөні, лауазымы,

_____ жұмыс орны мекен-жайы, тұратын жері)

Құқық бұзушыға оның Қазақстан Республикасы Кодексінің 584-бабында көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Аталған құқық бұзушылық үшін жауаптылықты көздейтін нормативтік құқықтық кесімге сілтеме _____

(б а п , т а р м а қ)

(куәгерлер мен жәбірленушілердің аты-жөндері мен мекен-жайлары)

Құқық бұзушының түсіндірмесі: _____

Өзге мәліметтер: _____

Хаттаманың екінші данасын: _____ алды.

(заңды тұлғаның басшысының аты-жөні) _____

(хаттаманы жасаушының лауазымы, аты-жөні)

9-қосымша

Ескерту: 9-қосымша өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 қазандағы N 539 бұйрығымен .

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің

Қаржы бақылау комитеті

Әкімшілік жаза қолдану туралы

N ҚАУЛЫ

200__ жылғы " __ " _____

(ұсынымды шығарған органның (лауазымды _____ қызмет ететін

_____ тұлғаның атауы) (лауазымы, жұмыс орны)

(өзіне қатысты іс қаралып отырған тұлғаның аты-жөні)

Қазақстан Республикасы Кодексінің 571, 177-баптарын басшылыққа ала
о т ы р ы п ,

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ

_____ (тәртіп бұзушының аты-жөні)
_____ бұзғаны үшін
(бұзылған нормативтік құжаттардың атауы, тармақтардың нөмірлері)
_____ сомасында

айыппұл түрінде әкімшілік жазаға тартылсын.

Айыппұл отыз күн мерзімде төлеуге жатады.

Қаржы бақылау органының басшысы _____
(қолы) (аты-жөні, лауазымы)

М.О.

Қаулыны алған _____
(қолы) (аты-жөні, лауазымы)

N ҚАУЛЫНЫҢ ТҮБІРТЕГІ

_____ (тәртіп бұзушының аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны) _____

_____ (әкімшілік тәртіп бұзушылық туралы ұсынымның қабылданған күні)

_____ (іс бойынша материалдарды алған лауазымды тұлғаның қолы) _____

_____ (айыппұл төлегені туралы белгі, түбіртектің нөмірі мен күні)
(он бес күн мерзімде төлемеген жағдайда айыппұл өндіріп алу жөнінде қабылданған шаралар; өндіріп алу жөнінде шаралар қолдану кезіндегі айыппұлдың бюджетке аударылғаны туралы белгі, төлем тапсырмасының нөмірі мен күні)

Ескерту: Барлық материалдар әкімшілік тәртіп бұзушылықтар туралы істе 3 ж ы л б о й ы с а қ т а л а д ы .

Қаулы 10 күн ішінде ұсынымның жобасын тапсырған күннен бастап шағынылуы мүмкін.

Қаржы бақылау органының басшысы _____
(қолы) (аты-жөні, лауазымы)

10-қосымша

Ескерту: 10-қосымша өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 қазандағы N 539 бұйрығымен .

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Қаржы бақылау комитеті

Іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы

№ ҚАУЛЫ

200__ жылғы " __ " _____

(ұсынымды шығарған органның(лауазымды

_____ қызмет ететін

_____ тұлғаның) атауы)

(лауазымы, жұмыс орны)

(өзіне қатысты іс қаралып отырған тұлғаның аты-жөні)
бюджет қаражатын пайдалануды бұзғаны туралы істі қарай отырып,

(тәртіп бұзушылықтың мәні және істі қарау кезінде анықталған

_____ жағдайларды баяндау)

_____ анықтады.

Қазақ Республикасы Кодексінің 571, 177-баптарын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ

(Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің бабын
_____ негізінде тоқтатылсын.

көрсете отырып, істі тоқтататын жағдайлар)

Қаржы бақылау органының басшысы _____

(қолы) (аты-жөні, лауазымы)

М.О.

Қаулыны алған _____

(қолы) (аты-жөні, лауазымы)

Ескерту: Барлық материалдар әкімшілік тәртіп бұзушылықтар туралы істе 3
жыл бойы сақталады.

Қаулы 10 күн ішінде ұсынымның жобасын тапсырған күннен бастап
шағынылуы мүмкін.

11-қосымша

**Республикалық бюджеттің қаражатын уақытылы
есептемегені (аудармағаны) және мақсатсыз пайдаланғаны
үшін айыппұл санкцияларын**

ЕСЕПКЕ АЛУ КІТАБЫ

№ Мемлекеттік Күні Хаттама Тәртіп Әкім. Өндіріп Ескер.
р/р мекеменің, мен бұзу. шілік алынды ту

кәсіпорынның
атауы.
Лауазымды

ұсынымның шылықтың айып.
N түрі пұлдың
сомасы
т ұ л ғ а н ы ң
а т ы - ж ө н і

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК